екінші және үшінші абзацтағы "жұмыс күнінен кейінгі бір түнге" деген сөздер "салым орналастырылған күннен кейінгі жұмыс күні басталғанға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "1257" және "1258" нөмірлер тиісінше "1253" және "1257" нөмірлермен ауыстырылсын;

1252, 1253, 1254, 1255 және 1256 шоттар сипаттамаларының төртінші абзацындағы "N 1257 немесе N 1258 баланстық есепшоттарға" деген сөздер "N 1257 баланстық шотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2 5 7 ш о т т ы ң с и п а т т а м а с ы н д а :

екінші және үшінші абзацтардағы "орналастырған салымдар" деген сөздер "орналастырылған салымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "банк оларды N 1258 баланстық есепшотқа жатқызған" деген сөздер "олар баланстан есептен шығарылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

1259 шот сипаттамасының төртінші абзацындағы "оларды" деген сөз алынып тасталсын, "оқшауланған" деген сөз "ұмітсіз" деген сөзben ауыстырылсын;

1259 шоттың сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 1260, 1261, 1262, 1263 және 1264 шоттарының сипаттамаларымен толықтырылсын:

"1260. Басқа банктерде орналастырылған мерзімді салымдардың құнын оң түзету шоты (актив).

Шоттың мақсаты: Басқа банктерде орналастырылған өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді салымның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын ұлғайту нәтижесінде пайда болған оң түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа банктерде орналастырылған өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді салымның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын ұлғайту нәтижесінде пайда болған оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша мерзімді салымның есепке алу (баланстық) құнының сомасы N 1261 баланстық шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың оң түзету сомасын есептен шығару жазылады.

1261. Басқа банктерде орналастырылған мерзімді салымның құнын оң түзету шоты (қарсы актив).

Шоттың мақсаты: Басқа банктерде орналастырылған, өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді салымның құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банкке орналастырылған, өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді салымның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша мерзімді салымның есепке алу (баланстық) құны N

1260 шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың теріс түзету сомасы есептен шығарылады.

1262. Басқа банктерде орналастырылған мерзімді салымның құнын теріс түзету шоты (актив).

Шоттың мақсаты: Басқа банктерде орналастырылған, өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді салымның құнын осы активтің әділ құнын ұлғайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа банктерде орналастырылған, өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді салымның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған он түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша мерзімді салымның есепке алу (баланстық) құны N 1263 шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың он түзету сомасы есептен шығарылады.

1263. Басқа банктерде орналастырылған шартты салымның құнын он түзету шоты (қарсы актив).

Шоттың мақсаты: Басқа банктерде орналастырылған, өтеу мерзімі бір жылдан асатын шартты салымның құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банктерде орналастырылған, өтеу мерзімі бір жылдан асатын шартты салымның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша шартты салымның есепке алу (баланстық) құны N 1262 шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың теріс түзету сомасы есептен шығарылады.

1264. Банктің, кредиттік серіктестіктің және ипотекалық компанияның міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепіл, кепілдеме) болып табылатын салым (актив).

Шоттың мақсаты: Банктің, кредиттік серіктестіктің және ипотекалық компанияның міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепіл, кепілдеме) ретінде берілген ақша сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банктің, кредиттік серіктестіктің және ипотекалық компанияның міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепіл, кепілдеме) ретінде берілген ақша сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша өзінің міндеттемелерін өтеу немесе ақша қайтару кезінде банктің, кредиттік серіктестіктің және ипотекалық компанияның міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепіл, кепілдеме) ретінде берілген ақша сомаларын есептен шығару жазылады.";

1301, 1302 және 1304 шоттардың сипаттамаларында: екінші және төртінші абзацтардағы "банк" деген сөз алынып тасталсын;

төртінші абзацтағы "банк тиісті N 1306 немесе N 1307 баланстық есепшоттарға" деген сөздер "N 1307 баланстық шотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

1302 шоттың сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 1303 шоттың сипаттамасымен толықтырылсын:

"1303. Басқа банктерге берілген овернайт заемдар (актив).

Шоттың мақсаты: Басқа банктерге берілген овернайт заемдарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа банкке берілген овернайт заемдардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа банктерге берілген овернайт заемдар өтелген немесе N 1302 немесе N 1306 баланстық шотқа жатқызылған кезде олардың сомалары есептен шығарылады";

1305 шоттың сипаттамасында:

екінші және үшінші абзацтардағы "банктің" деген сөз алынып тасталсын;

төртінші абзацтағы "оларды банк" деген сөздер "оларды" деген сөзben ауыстырылсын;

1306 шоттың сипаттамасында:

екінші және үшінші абзацтағы "банк берген заемдар" деген сөздер "берілген заемдар" деген сөзben ауыстырылсын";

төртінші абзацтағы "оларды банк тиісті N 1307 баланстық есепшоттарға жатқызған" деген сөздер "олар баланстан шығарылған" деген сөзben ауыстырылсын";

1309 шоттың сипаттамасында:

екінші және үшінші абзацтардағы "Банк берген қаржы лизингі" деген сөздер "Берілген қаржы лизингі" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "оларды басқа банк" деген сөздер "оларды" деген сөзben ауыстырылсын;

1309 шоттың сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 1310 және 1311 шоттарының сипаттамаларымен толықтырылсын:

"1310. Басқа банктерге берілген заемның құнын оң түзету шоты
(актiv).

Шоттың мақсаты: Басқа банктерге берілген, өтеу мерзімі бір жылдан асатын заемның құнын есепке алу (баланстық) осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған оң түзету сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа банктерге берілген, өтеу мерзімі бір жылдан асатын заемның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын ұлғайту нәтижесінде пайда болған оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша заемның есепке алу (баланстық) құны N 1311

шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың оң түзету сомасы есептен шығарылады.

1311. Басқа банктерге берілген заемның құнын теріс түзету
шотты (қарсы актив).

Шоттың мақсаты: Басқа банктерге берілген, өтеу мерзімі бір жылдан асатын заемның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банктерге берілген, өтеу мерзімі бір жылдан асатын заемның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша заемның есепке алу (баланстық) құны N 1310 шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың теріс түзету сомасы есептен шығарылады.";

1339 шоттың сипаттамасында:

"1339" нөмірі "1319" нөмірмен ауыстырылсын;
төртінші абзацтағы "оларды" деген сөз алынып тасталсын, "оқшауланған"
деген сөз "үмітсіз" деген сөзben ауыстырылсын;

1319 шоттың сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 1321, 1322, 1323, 1324, 1325, 1326, 1327, 1328 және 1329 шоттарының сипаттамаларымен
толықтырылсын:

"1321. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын үйымдарға берілген овердрафт заемдары (актив).

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асиратын үйымдарға берілген овердрафт заемдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асиратын үйымдарға берілген овердрафт заемдардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген овердрафт заемдарды банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асиратын үйымдар өтеген немесе олар N 1327 баланстық шотқа жатқызылған кезде олардың сомалары есептен шығарылады.

1322. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асиратын
үйымдарға берілген қысқа мерзімді заемдар (актив).

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асиратын үйымдарға берілген, өтеу мерзімі қоса алғанда бір жыл болатын заемдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асиратын үйымдарға берілген қысқа мерзімді заемдардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген қысқа мерзімді заемдарды банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асиратын үйымдар өтеген немесе

олар N 1327 баланстық шотқа жатқызылған кезде олардың сомалары есептен шығарылады.

1323. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген ұзақ мерзімді заемдар (актив).

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген, өтеу мерзімі бір жыл болатын заемдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген ұзақ мерзімді заемдардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген ұзақ мерзімді заемдарды банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар өтеген немесе олар N 1327 баланстық шотқа жатқызылған кезде олардың сомалары есептен шығарылады.

1324. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемның құнын оң түзету шоты (актив).

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген, өтеу мерзімі бір жылдан асатын заемның осы активтің әділ құнын ұлғайту нәтижесінде пайда болған есепке алу (баланстық) құнын оң түзету сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген, өтеу мерзімі бір жылдан асатын заемның осы активтің әділ құнын ұлғайту нәтижесінде пайда болған есепке алу (баланстық) құнын оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұсынылған заемның есепке алу (баланстық) құны N 1325 шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың оң түзету сомасы есептен шығарылады.

1325. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемның құнын теріс түзету шоты (карасы актив).

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген, өтеу мерзімі бір жылдан асатын заемның осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған есепке алу (баланстық) құнын теріс түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген, өтеу мерзімі бір жылдан асатын заемның осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған есепке алу (баланстық) құнын теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұсынылған заемның есепке алу (баланстық) құны N 1324 шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың теріс түзету сомасы есептен шығарылады.

1326. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қаржы лизингі (актив).

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қаржы лизингі бойынша негізгі борыштың сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға берілген қаржы лизингі бойынша негізгі борыштың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қаржы лизингі бойынша негізгі борыштың сомасын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым өтеген немесе оларды N 1328 баланстық шотқа жатқызылған кезде олардың сомалары есептен шығарылады.

1327. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар бойынша мерзімі өткен берешелек (актив).

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың берілген заемдар бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның берілген заемдар бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегінің сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген заемдар бойынша борыштың негізгі сомасын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым өтеген немесе оларды есептен шығарған кезде олардың сомалары есептен шығарылады.

1328. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешелек (актив).

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың берілген қаржы лизингі бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның берілген қаржы лизингі бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегінің сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым берілген қаржы лизингі бойынша борыштың негізгі сомасын

өтеген немесе оларды есептен шығарған кезде олардың сомалары есептен шығарылады.

1329. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша арнайы резервтер (провизиялар) (қарсы актив).

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша арнайы резервтердің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша құрылатын арнайы резервтердің (провизиялардың) сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша сенімсіз берешектің сомалары жойылған немесе олар баланстан есептен шығарған кезде құрылған арнайы резервтердің (провизиялардың) сомаларын есептен шығарылады.";

1353, 1476, 1735, 1856, 1873, 2856, 2858, 4856, 5151, 5152, 5153 шоттардың сипаттамаларындағы "оның" деген сөз алынғып тасталсын;

1401, 1403, 1411, 1417 және 1440 шоттар сипаттамаларының төртінші абзацтарындағы "тиісті N 1424 немесе N 1427 баланстық есепшоттарға" деген сөздер "N 1424 баланстық шотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

1405 шоттың сипаттамасында:

екінші абзацтағы "есепке алған вексельдерінің" деген сөздер "есепке алған вексельдерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "есепке алған вексельдерінің" деген сөздер "есепке алған вексельдерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацындағы "тиісті N 1424 немесе N 1427 баланстық есепшоттарға" деген сөздер "N 1424 баланстық шотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

1407 шот сипаттамасының төртінші абзацындағы "тиісті N 1424 немесе N 1427 баланстық есепшоттарға" деген сөздер "N 1409 баланстық шотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

1407 шоттың сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 1409 шоттың сипаттамасы мен толықтырылсын:

"1409 Клиенттердің факторинг бойынша мерзімі өткен берешегі (актив).

Шоттың мақсаты: Клиенттердің берілген факторинг бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиенттің берілген факторинг бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша клиент берілген факторинг бойынша борыштың негізгі сомасын жойған немесе олар баланстан есептен шығарған кезде клиенттің мерзімі өткен берешегінің сомалары есептен шығарылады.";

1420 шот сипаттамасының төртінші абзацындағы "тиісті N 1424 немесе N 1427 баланстық есепшоттарға" деген сөздер "N 1421 баланстық шотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

1421 шоттың сипаттамасының екінші және үшінші абзацтарындағы "берген қаржы лизингі" деген сөздер "берілген қаржы лизингі" деген сөздермен ауыстырылсын;

1422 шот сипаттамасының төртінші абзацындағы "тиісті N 1424 немесе N 1427 баланстық есепшоттарға" деген сөздер "N 1423 баланстық шотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

1422 шоттың сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 1423 шоттың сипаттамасымен толықтырылсын:

"1423. Клиенттердің форфейтинг бойынша мерзімі өткен берешегі
(актів).

Шоттың мақсаты: Клиенттердің берілген форфейтинг бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша берілген форфейтинг бойынша борыштың негізгі сомасын клиент жойған немесе олар баланстан есептен шығарған кезде олардың сомалары есептен шығарылады.

Шоттың кредиті бойынша клиент берілген форфейтинг бойынша борыштың негізгі сомасын жойған немесе олар баланстан есептен шығарған кезде клиенттің мерзімі өткен берешегінің сомалары есептен шығарылады.";

1424 шоттың сипаттамасында:

екінші және үшінші абзацтардағы "банк берген заемдар" деген сөздер "берілген заемдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "оларды банк оқшауланған берешекке жатқызған" деген сөздер "оларды баланстан шығарған" деген сөздермен ауыстырылсын;

1439 шоттың сипаттамасында:

"1439" нөмір "1428" нөмірмен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "оларды" деген сөз алынып тасталсын, "оқшауланған" деген сөз "үмітсіз" деген сөзбен ауыстырылсын;

1440 шоттың сипаттамасында:

"1440" нөмір "1429" нөмірмен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "тиісті N 1424 немесе N 1427 баланстық есепшоттарға" деген сөздер "N 1424 баланстық шотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

1429 шоттың сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 1430, 1431, 1432, 1433 және 1445 шоттардың сипаттамаларымен толықтырылсын:

**"1430. Клиенттерге берілген заемның құнын оң түзету шоты
(актів).**

Шоттың мақсаты: Клиенттерге берілген өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді заемның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын ұлғайту нәтижесінде пайда болған оң түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді заемның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын ұлғайту нәтижесінде пайда болған оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша заемның есепке алу (баланстық) құнының сомасы N 1431 баланстық шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың оң түзету сомасы есептен шығарылады.

**1431. Клиенттерге берілген заемның құнын теріс түзету шоты
(қарсы актів).**

Шоттың мақсаты: Клиенттерге берілген өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді заемның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиентке берілген өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді заемның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша заемның есепке алу (баланстық) құнының сомасы N 1430 баланстық шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың теріс түзету сомасы есептен шығарылады.

1432. Есепке алынған вексельдер бойынша дисконт (пассив).

Шоттың мақсаты: Есепке алынған вексельдер бойынша дисконттың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша есепке алынған вексельдер бойынша дисконттың сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есепке алынған вексельдер бойынша дисконттың сомалары есептеу әдістемесіне сәйкес кірістердің тиісті баланстық шоттарына есепке шығарылады.

1433. Есепке алынған вексельдер бойынша сыйлықақы (актив).

Шоттың мақсаты: Вексельдің сатып алу құнының оның номиналдық құнынан асып кету сомаларын (сыйлықақы) есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша вексельдің сатып алу құнының оның номиналдық құнынан асып кету сомалары (сыйлықақы) жазылады.

Шоттың кредиті бойынша есепке алынған вексельдер бойынша сыйлықақы сомасы N 5235 баланстық шотпен корреспонденцияға жазылады.

**1445. Сенімгерлік (траттық) басқаруға өткізілген қаржы
активтері (актив).**

Шоттың мақсаты: Сенімгерлік (трасттық) басқаруға берілген ақша сомасының, тазартылған қымбат металдардың және бағалы қағаздардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сенімгерлік (трасттық) басқаруға берілген ақша сомасы, тазартылған қымбат металдардың және бағалы қағаздардың құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сенімгерлік (трасттық) басқаруға өткізілген ақша сомасын, тазартылған қымбат металдардың және бағалы қағаздардың құнын сенімгерлік басқарушы қайтарған немесе есептен шығарған кезде олар есептен шығарылады.;

1451 шоттың сипаттамасында:

екінші абзацтағы "сатып алу" деген сөз "номиналдық" деген сөзben ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "сатып алу" деген сөз "номиналдық" деген сөзben ауыстырылсын, ", сондай-ақ олардың сатып алу құнының амортизациясы" деген сөздер алынып тасталсын;

төртінші абзацтағы "сатып алу" және "NN 1202 немесе 1203 баланстық есепшоттарға" деген сөздер тиісінше "номиналдық" және "N 1203 баланстық шотқа" деген сөздермен ауыстырылсын, ", сондай-ақ олардың сатып алу құнының амортизациясы" деген сөздер алынып тасталсын;

1452 шоттың сипаттамасының мемлекеттік тілдегі мәтінінде:

"әділ" деген сөз тиісінше "номиналдық" деген сөзben ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы ", сондай-ақ оларды қайта бағалау кезінде он айырманың сомасы" деген сөздер алынып тасталсын;

төртінші абзацтағы "N 1202 немесе N 1203 баланстық есепшоттарға" деген сөздер "N 1202 баланстық шотқа" деген сөздермен ауыстырылсын";

1452 шоттың сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 1453, 1454, 1455, 1456, 1457 және 1458 шоттардың сипаттамаларымен толықтырылсын:

"1453. Сатып алынған басқа да бағалы қағаздар бойынша дисконт (қарсы актив).

Шоттың мақсаты: Басқа да бағалы қағаздардың номиналдық құнының олардың сатып алу құнынан асып кетуін есепке алу (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша басқа да бағалы қағаздардың номиналдық құнының олардың сатып алу құнынан асып кету сомасы жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған басқа да бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясының сомасы N 4453 баланстық шотпен корреспонденцияда жазылады.

1454. Сатып алынған басқа да бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы (актив).

Шоттың мақсаты: Басқа да бағалы қағаздардың номиналдық құнының олардың сатып алу құнынан асып кетуін есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша басқа да бағалы қағаздардың номиналдық құнының олардың сатып алу құнынан асып кету сомасы жазылады (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша сатып алғанған басқа да бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы N 5306 баланстық шотпен корреспонденцияда жазылады.

1455. Басқа да бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар
есептеген сыйақы (актив).

Шоттың мақсаты: Басқа да бағалы қағаздар бойынша, олар сатып алғанға дейін алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да бағалы қағаздар бойынша, олар сатып алғанға дейін алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да бағалы қағаздар бойынша, оларды алу кезінде сыйақы сомалары есептен шығарылады.

1456. Басқа да бағалы қағаздардың әділ құнын он түзету шоты
(актив).

Шоттың мақсаты: Басқа да бағалы қағаздарды сатып алу бойынша біржолғы шығындардың сомаларын және осы бағалы қағаздарды құнын қайта бағалаудан жұмсалмаған кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да бағалы қағаздарды сатып алу бойынша біржолғы шығындардың сомалары және осы бағалы қағаздарды құнын қайта бағалаудан жұмсалмаған кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да бағалы қағаздардың әділ құнын он түзету сомасын қарсы әріптес қайтарған немесе осы бағалы қағаздарды сатқан кезде N 1457 баланстық шотпен сальдо жасаған кезде осы сома есептен шығарылады.

1457. Басқа да бағалы қағаздардың әділ құнын теріс түзету
шоты (қарсы актив).

Шоттың мақсаты: Басқа да бағалы қағаздарды қайта бағалаудан жұмсалмаған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да бағалы қағаздардың әділ құнын азайтудан жұмсалмаған шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да бағалы қағаздардың әділ құнын теріс түзету сомалары осы соманды N 1456 баланстық шотпен сальдо жасаған кезде есептен шығарылады.

1458. Бағалы қағаздармен "көрі РЕПО" операциялары (актив).

Шоттың мақсаты: Бағалы қағаздарды болашақта келісілген бағамен сатушыға қайтару міндеттемесімен операция ашылған күні кепілге алғанған бағалы қағаздармен "көрі РЕПО" операциялары бойынша талаптардың сомаларын

Шоттың дебеті бойынша операция ашылған күні бағалы қағаздармен "көрі РЕПО" операциялары бойынша талаптардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша операциялар жабылған немесе жойылған кезде "көрі РЕПО" операциялары бойынша талаптардың сомалары есептен шығарылады .";

1471 және 1472 шоттардың сипаттамаларында:

екінші және үшінші абзацтардағы "өздерінің" және "өзінің" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші абзац "(бір жылдан астам мерзімге)" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзацтардағы "оларды сатқан кезде" деген сөздер "олар сатылған кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

1476 шоттың сипаттамасында:

екінші абзац "(бір жылдан астам мерзімге)" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзацтардағы "оларды сатқан кезде" деген сөздер "олар сатылған кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

1552, 1653, 1654, 1658, 1659, 2201, 2202, 7520, 7530 шоттардың сипаттамаларында "банкке" деген сөздер алынып тасталсын;

1601 шоттың сипаттамасының үшінші абзацында "банк кіріске алған тазартылмаған қымбат металдардың" деген сөздер "кіріске алынған тазартылмаған қымбат металдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

1602 шоттың сипаттамасында:

екінші абзацтағы "оның" деген сөз алынып тасталсын;

үшінші абзацтағы "банк сатып алған және оның қоймасындағы өзге тауар-материалдық қорлардың" деген сөздер "сатып алынған, оның қоймадағы басқа да тауар-материалдық қорлардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

1602 шоттың сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 1603 шоттың сипаттамасымен толықтырылсын:

"1603. Қоймадағы, қымбат металдан жасалған металл ақша (актив).

Шоттың мақсаты: Қоймадағы, қымбат металдан жасалған металл ақшаның құнын сатып алу құны бойынша есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қоймаға келіп түскен, қымбат металдан жасалған металл ақшаның құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қоймадан берілген, қымбат металдан жасалған металл ақша оларды үшінші тұлғаларға сатқан немесе сыйфа тартқан кезде жазылады.";

1697 шоттың сипаттамасының екінші және үшінші абзацтарында "Банк жалға алған үйлер" деген сөздер "жалға алынған үйлер" деген сөздермен ауыстырылсын;

1725, 1726, 1730, 1731 шоттар сипаттамасының екінші және үшінші абзацтардағы "банктің" деген сөз алынып тасталсын;

1726 шоттың сипаттамасынан кейін 1727 және 1728 шоттардың мынадай редакциядағы сипаттамасымен толықтырылсын:

"1727. Металл шоттарда орналастырылған тазартылған қымбат металдар бойынша есептелген кірістер (актив).

Шоттың мақсаты: Металл шоттарда орналастырылған тазартылған қымбат металдар бойынша сомаларды есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша металл шоттарда орналастырылған тазартылған қымбат металдар бойынша есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша металл шоттарда орналастырылған тазартылған қымбат металдар үшін ақы төленген кезде олар бойынша есептелген кірістердің сомалары есептен шығарылады.

1728. Банктің, кредиттік серіктестіктің және ипотекалық компанияның міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепіл, кепілдеме) болып табылатын салым бойынша есептелген кірістердің (пассив).

Шоттың мақсаты: Басқа банкке орналастырылған және Банктің, кредиттік серіктестіктің және ипотекалық компанияның міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепіл, кепілдеме) болып табылатын салым бойынша есептелген кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Басқа банкке орналастырылған және Банктің, кредиттік серіктестіктің және ипотекалық компанияның міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепіл, кепілдеме) болып табылатын салым бойынша есептелген кірістер сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша Басқа банкке орналастырылған және Банктің, кредиттік серіктестіктің және ипотекалық компанияның міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепіл, кепілдеме) болып табылатын салым бойынша есептелген кірістер сомасы есептен шығарылады.";

1731 шоттың сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 1733 және 1734 шоттардың сипаттамаларымен толықтырылсын:

"1733. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша есептелген кірістер (актив).

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша есептелген кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша есептелген кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша есептелген кірістердің сомаларын төлеген немесе төлеу мерзімін өткізіп алған кезде осы сомалар есептен шығарылады.

1734. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткізіп алған кезде осы сомалар есептен шығарылады.
(актив).

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткізіп алған кезде осы сомалар есептен шығарылады.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткізіп алған кезде осы сомалар есептен шығарылады.

Шот кредиті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым оларды төлеген немесе баланстан шығарған кезде берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша мерзімі өткізіп алған кезде осы сомалар есептен шығарылады.";

1741 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 1744 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"1744. Саудаға арналған бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер (актив)

Шоттың мақсаты: Саудаға арналған бағалы қағаздар бойынша есептелген кіріс сомаларын есепке алуды.

Шоттың дебеті бойынша саудаға арналған бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша саудаға арналған бағалы қағаздар бойынша есептелген кіріс сомасы олар алынған кезде есептен шығарылады.";

1745 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакцияда 1746 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"1746. Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер (актив).

Шоттың мақсаты: Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар бойынша есептелген кіріс сомаларын есепке алуды.

Шоттың дебеті бойынша сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар бойынша

есептелген кірістер сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер сомасы олар алынған кезде есептен шығарылады.";

1747 шоттың сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 1748 шоттың сипаттамасымен толықтырылсын:

"1748. Бағалы қағаздармен "көрі РЕПО" операциялары бойынша есептелген кірістер (актив).

Шоттың мақсаты: Сатушыға бағалы қағаздарды келісілген баға бойынша болашақта қайтару міндеттемесімен операцияны ашу күніне кепілге алынған бағалы қағаздармен "көрі РЕПО" операциялары бойынша есептелген кіріс сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бағалы қағаздармен "көрі РЕПО" операциялары бойынша есептелген кіріс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздармен "көрі РЕПО" операциялары бойынша есептелген кіріс сомасы олар төленген немесе операцияның күші жойылған кезде есептен шығарылады.";

1751 шоттың сипаттамасында:

"1751" нөмір "1792" нөмірмен аудиторлысын; екінші және үшінші абзацтардағы "банк алған заемдар мен салымдар" деген сөздер "алынған заемдар мен салымдар" деген сөздермен аудиторлысын;

1749 шоттың сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 1752 және 1755 шоттарының сипаттамаларымен толықтырылсын:

"1752. Ескерілген вексельдер бойынша есептелген кірістер (актив).

Шоттың мақсаты: Ескерілген вексельдер бойынша есептелген кіріс сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ескерілген вексельдер бойынша есептелген кіріс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ескерілген вексельдер бойынша есептелген кіріс сомасы олар алынған немесе баланстан шығарылған кезде есептен шығарылады." ;

1755. Сенімгерлік (трасттық) басқаруға берілген қаржы активтері бойынша есептелген кірістер (актив).

Шоттың мақсаты: сенімгерлік (трасттық) басқаруға берілген қаржы активтері бойынша есептелген кірістер сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сенімгерлік (трасттық) басқаруға берілген қаржы активтері бойынша есептелген кірістер сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сенімгерлік (трасттық) басқаруға берілген қаржы активтері бойынша есептелген кірістер сомалары олар алынған немесе баланстан шығарылған кезде есептен шығарылады.";

1791 шотының сипаттамасында "1791" нөмір "1799" нөмірмен ауыстырылсын;

1851 шотының сипаттамасының үшінші абзацында "аванс ретінде төленген салықтардың және бюджетке төленетін басқа міндепті төлемдердің" деген сөздер "салықтардың және бюджетке төленетін басқа міндепті төлемдердің төленген аванстық төлемдерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

1858, 2858 шоттарының сипаттамаларында:

үшінші абзацта "банк сатып алған немесе алған шетел валютасының" деген сөздер "сатып алынған немесе алынған шетел валютасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "банк сатқан немесе жұмсаған шетел валютасының" деген сөздер "сатылған немесе жұмсалған шетел валютасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

1861 шотының сипаттамасында екінші және үшінші абзацтардағы "банк берген кепілдіктер" деген сөздер "берілген кепілдіктер" деген сөздермен ауыстырылсын;

1873, 2873 шоттарының сипаттамаларының үшінші абзацындағы "сатқан немесе жұмсаған тазартылған қымбат металдардың" деген сөздер "жұмсалатын немесе сатылған тазартылған қымбат металдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

1874, 2872 шоттарының сипаттамаларының үшінші абзацындағы "сатып алған тазартылған қымбат металдардың" деген сөздер "сатып алынған тазартылған қымбат металдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

1877, 1878 шоттарының сипаттамаларының төртінші абзацындағы "олар" деген сөз алынып тасталсын;

1892 шотының атауында, екінші және үшінші абзацтарында "/спот" деген сөз алынып тасталсын;

1893 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 1894, 1895, 1896 және 1899 шоттарының сипаттамаларымен толықтырылсын:

"1894. Спот операциялары бойынша талаптар (актив).

Шоттың мақсаты: Спот операциялары бойынша дебиторлық берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша спот операциясын жасау нәтижесінде пайда болған дебиторлық берешек сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша пайда болған дебиторлық берешек сомасы оны қарсы әріптес төлеген немесе спот операциясының күші жойылған кезде есептен шығарылады.

1895. Своп операциялары бойынша талаптары (актив).

Шоттың мақсаты: своп операциялары бойынша дебиторлық берешек

с о м а л а р ы н е с е п к е а л у .

Шоттың дебеті бойынша своп операциясын жасау нәтижесінде болған дебиторлық берешек сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша пайда болған дебиторлық берешек сомасы оны қарсы әріптес төлеген немесе своп операциясының күші жойылған кезде есептен шығарылады.

1896. Сатылған опцион үшін сыйлықақы бойынша талаптар (актив).

Шоттың мақсаты: Сатылған опциоң үшін сыйлықақы бойынша талаптар
сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы операцияны жасау сәтіне сатылған опцион үшін сыйлықақы бойынша талаптар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сыйлық бойынша талаптар сомасы оны қарсы әріптес төлеген кезде есептен шығарылады.

1899. Басқа операциялар бойынша талаптар (актив).

Шоттың мақсаты: туынды құралдармен басқа операциялар бойынша дебиторлық берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша туынды құралдармен басқа операцияларды жасау нәтижесінде пайда болған дебиторлық берешек сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қалыптасқан дебиторлық берешек сомасы оны қарсы әріптес төлеген немесе туынды құралдармен басқа операциялардың күші жойылған кезде есептен шыгарылады.";

2013, 2014 шоттары сипаттамасының мемлекеттік тілдегі мәтінінде "банке ашылған" деген сөздер алынып тасталсын;

2014 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2016 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"2016. Аффинирленген қымбат металдағы металл шоттары (пассив).

Шоттың мақсаты: Клиенттерге тиесілі аффинирленген қымбат металдардың
құнын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің шотына түскен аффинирленген қымбат мәталдардың құны жазылады.

Шоттың дебеті бойынша түскен аффинирленген қымбат металдар клиенттің тапсырмасы бойынша есептен шығарылады.";

2023 шотының сипаттамасынан кейін 2024 шотының мынадай редакциядағы
сипаттамасымен толықтырылсын:

"2024. Басқа банктердің талап етуге дейінгі салымдары бойынша мерзімі
өткен береңек (пассив).

Шоттың мақсаты: банктік салым шарты бойынша басқа банктерден қабылданған талап етуге дейінгі салымдар бойынша борыштың негізгі сомасының мерзімі өткен берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банктерден қабылданған талап етуге дейінгі салымдар бойынша борыштың негізгі сомасының мерзімі өткен берешек сомасы жаzlады.

Шоттың дебеті бойынша талап етуге дейінгі салымдар бойынша борыштың негізгі сомасының мерзімі өткен берешек сомалары олар өтелген кезде есептен шығарылады.";

2034 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2035 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"2035. Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарынан алынған заемның құнын оң түзету шоты (пассив).

Шоттың мақсаты: Осы заемның әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарынан алынған заемның есептік (баланстық) құнын оң түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша осы заемның әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарынан алынған заемның есептік (баланстық) құнын оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған заемның есептік (баланстық) құнын оң түзету сомасы осы соманы N 2037 баланстық шотпен сальдо жасаған кезде есептен шығарылады.

2036 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2037 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"2037. Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарынан алынған заемның құнын теріс түзету шоты (қарсы пассив).

Шоттың мақсаты: Осы заемның шынайы құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарынан алынған заемның есепті (баланстық) құнын теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы заемның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарынан алынған заемның есепті (баланстық) құнын теріс түзету сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алынған заемның есептік (баланстық) құнын теріс түзету сомасы осы соманы N 2035 баланстық шотпен сальдо жасаған кезде есептен шығарылады.";

2044 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2045 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"2045. Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заем құнын он түзету шоты (пассив).

Шоттың мақсаты: Осы заемның әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемның есептік (баланстық) құнын он түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша осы заемның әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемның есептік (баланстық) құнын он түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған заемның есептік (баланстық) құнын он түзету сомасы осы соманы N 2047 баланстық шотпен сальдо жасаған кезде есептен шығарылады.";

2046 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2047 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"2047. Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заем құнын теріс түзету шоты (қарсы пассив).

Шоттың мақсаты: Осы заемның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемның есептік (баланстық) құнын теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы заемның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған өтеу мерзімі бір жылдан астам халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемның есепті (баланстық) құнын теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алынған заемның есептік (баланстық) құнын он түзету сомасы осы соманы N 2045 баланстық шотпен сальдо жасаған кезде есептен шығарылады.";

2054 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2055 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"2055. Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заем құнын он түзету шоты (пассив).

Шоттың мақсаты: Осы заемның әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемның есептік (баланстық) құнын он түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша осы заемның әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемның есепті (баланстық) құнын он түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған заемның есептік (баланстық) құнын оң түзету сомасы осы соманы N 2065 баланстық шотпен сальдо жасаған кезде есептен шығарылады.";

2064 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2065 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"2065. Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заем құнын теріс түзету шоты (қарсы пассив).

Шоттың мақсаты: Осы заемның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемның есептік (баланстық) құнын теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы заемның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемның есептік (баланстық) құнын теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алынған заемның есептік (баланстық) құнын теріс түзету сомасы осы соманы N 2055 баланстық шотпен сальдо жасаған кезде есептен шығарылады.";

2124 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2125 шотының сипаттамаларымен толықтырылсын:

"2125. Басқа банктерден бір түнге тартылған салымдар (пассив).

Шоттың мақсаты: Салымды тарту күнінен кейінгі жұмыс күні басталғанға дейін басқа банктерден тартылған салымдар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Салымды тарту күнінен кейінгі жұмыс күні басталғанға дейін басқа банктерден тартылған салымдар сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша бір түнге тартылған салымдар сомалары олар қайтарылған кезде есептен шығарылады.";

2127 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2128 және 2129 шоттарының сипаттамаларымен толықтырылсын:

"2128. Басқа банктерден тартылған мерзімді салым құнын оң түзету шоты (пассив).

Шоттың мақсаты: Осы салымның әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерден тартылған мерзімді салымның есептік (баланстық) құнын оң түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша осы салымның әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерден тартылған мерзімді салымның есептік (баланстық) құнын оң түзету сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша тартылған салымның есептік (баланстық) құнын оң

түзету сомалары осы соманы N 2129 баланстық шотпен сальдо жасаған кезде есептен шығарылады.";

2129. Басқа банктерден тартылған мерзімді салым құнын теріс түзету шоты (қарсы пассив).

Шоттың мақсаты: Осы салымның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерден тартылған мерзімді салымның есептік (баланстық) құнын теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы салымның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерден тартылған мерзімді салымның есептік (баланстық) құнын теріс түзету сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша тартылған салымның есептік (баланстық) құнының оң түзету сомалары осы соманы N 2128 баланстық шотпен сальдо жасаған кезде есептен шығарылады.";

2130 шот топтарының атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2130. Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілдік, кепіл) болып табылатын салым (пассив).

Шоттың мақсаты: Банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілдік, кепіл) ретінде банктік салым шарты бойынша қабылданған басқа банктердің ақша сомаларын (салымдарын) есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банктің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілдік, кепіл) ретінде қабылданған басқа банктердің ақша сомалары (салымдары) жазылады.

Шоттың дебеті бойынша шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес банктің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілдік, кепіл) ретінде қабылданған басқа банктердің ақша сомалары (салымы) есептен шығарылады.";

2135 шоттың сипаттамасындағы:

атауындағы "банктің" деген сөз алынып тасталсын, "салымдары" деген сөз "мерзімді салымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "банктің" деген сөз алынып тасталсын;

2135 шоттың сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2136, 2137 және 2138 шоттарының сипаттамасымен толықтырылсын:

"2136. Басқа банктерден тартылған шартты салымның құнын оң түзету шоты (пассив).

Шоттың мақсаты: Осы салымның әділ құнының үлғаюы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерден тартылған шартты салымның есептік (баланстық) құнын оң түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша осы салымның әділ құнының ұлғауы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерден тартылған шартты салымның есептік (баланстық) құнын оң түзету сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша тартылған салымның есепті (баланстық) құнын оң түзету сомалары осы соманы N 2137 баланстық шотпен сальдо жасаған кезде есептен шығарылады.

2137. Басқа банктерден тартылған шартты салымның құнын теріс
түзету шоты (қарсы пассив).

Шоттың мақсаты: Осы салымның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерден тартылған шартты салымның есептік (баланстық) құнын теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы салымның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерден тартылған шартты салымның есептік (баланстық) құнын теріс түзету сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша тартылған салымның есептік (баланстық) құнын оң түзету сомалары осы соманы N 2136 баланстық шотпен сальдо жасаған кезде есептен шығарылады.

2138. Басқа банктердің шартты салымдары бойынша мерзімі өткен
берешегі (пассив).

Шоттың мақсаты: Банктік салым шарты бойынша басқа банктерден қабылданған шартты салымдар бойынша негізгі соманың мерзімі өткен берешектерін есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банктен қабылданған шартты салымдар бойынша борыштың негізгі сомасының мерзімі өткен берешектері жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қабылданған салымдар бойынша борыштың негізгі сомасының мерзімі өткен берешектері олар өтелген кезде есептен шығарылады.";

2203 шотының сипаттамасындағы:

екінші абзацтағы "банкте" деген сөз алғыншылық тасталсын;
үшінші абзацтағы "банкте ашылған" деген сөздер алғыншылық тасталсын;

2203 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 2204, 2205, 2206, 2207, 2208, 2209 және 2210 шоттарының сипаттамасымен толықтырылсын:

"2204. Салымдарға (депозиттерге) міндettі ұжымдық кепілдік
беру (сақтандыру) объектісі болып табылатын жеке
тұлғалардың ағымдағы шоттары (пассив).

Шоттың мақсаты: Салымдарды (депозиттерді) міндettі ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) объектісі болып табылатын жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарындағы ақша сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жеке тұлғаның ағымдағы шоттарына түскен ақша сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жеке тұлғаның ағымдағы шотынан шарт талаптарына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мақсаты бойынша түскен сомалар есептен шығарылады.

2205. Салымдарды (депозиттерді) міндettі ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) объектісі болып табылатын жеке тұлғалардың талап етуге дейінгі салымдары (пассив).

Шоттың мақсаты: Аффинирленген қымбат металдағы металл шоттары бойынша сыйақыны төлеуге байланысты шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша аффинирленген қымбат металдағы металл шоттары бойынша сыйақыны төлеуге байланысты шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5036 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 5037 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"5037. Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарынан алынған заемның құнын оң түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Осы заемның әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарынан алынған заемның есептік (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы заемның әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам Қазақстан Республикасының

Үкіметінен және Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарынан алынған заемның есептік (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5046 шоттың сипаттамасынан кейін 5047 шоттың мынадай редакциядағы сипаттамасымен толықтырылсын:

"5047. Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемның құнын оң түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Осы заемның әділ құнының ұлғаюынан туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемның есепті (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы заемның әділ құны ұлғаюынан туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам халықаралық қаржы ұйымынан алынған заемның есептік (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5054 шоттың сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 5055 шоттың сипаттамасымен толықтырылсын:

"5055. Басқа банктерден алынған заемның құнын оң түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Осы заемның әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерден алынған заемның есептік (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы заемның әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктен алынған заемның есептік (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5056 шоттың сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 5057 шоттың сипаттамасымен толықтырылсын:

"5057. Басқа банктерге берілген заемның құнын теріс түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Осы заемның әділ құнының төмендеуінен туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерге берілген заемның есептік (баланстық) құнын теріс түзету түріндегі шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы заемның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банкке берілген заемның есептік

(баланстық) құнын теріс түзету түріндегі шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.":

5064 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 5065 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"5065. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемның құнын оң түзету түріндегі шығыстар .

Шоттың мақсаты: Осы заемның әділ құнының ұлғаюынан туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемның есептік (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы заемның әділ құны ұлғаюынан туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымнан алынған заемның есептік (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ықтимал шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.":

5066 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 5067 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"5067. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемның құнын теріс түзету түріндегі шығыстар .

Шоттың мақсаты: Осы заемның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемның есептік (баланстық) құнын теріс түзету түріндегі шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы заемның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға берілген заемның есептік (баланстық) құнын теріс түзету түріндегі шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.":

5130 шотының атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5130. Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілдік, кепіл) болып табылатын салым бойынша сыйақыны төлеуге байланысты шығыстар.

Шоттың мақсаты: Басқа банктерден қабылданған және олардың міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілдік, кепіл) болып табылатын

салым бойынша сыйақыны төлеуге байланысты есептелген шығыстар сомаларын
есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Басқа банктерден қабылданған және олардың міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілдік, кепіл) болып табылатын салым бойынша сыйақыны төлеуге байланысты есептелген шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5133 шоттың сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 5134, 5135, 5136 және 5137 шоттарының сипаттамасымен толықтырылсын:

"5134. Басқа банктерде орналастырылған мерзімді салым құнын теріс түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Осы салымның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерде орналастырылған мерзімді салымның есептік (баланстық) құнын теріс түзету түріндегі шығыстар сомаларын
есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы салымның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банкте орналастырылған мерзімді салымның есептік (баланстық) құнын теріс түзету түріндегі шығыстар сомасы
жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болған шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.

5135. Басқа банктерде орналастырылған шартты салым құнын теріс түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Осы салымның әділ құнының төмендеуінен туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерде орналастырылған шартты салымның есептік (баланстық) құнын теріс түзету түріндегі шығыстар сомаларын
есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы салымның әділ құны төмендеуі нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банкте орналастырылған шартты салымның есептік (баланстық) құнын теріс түзету түріндегі шығыстар сомасы
жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болған шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.

5136. Басқа банктерден тартылған мерзімді салым құнын он түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Осы салымның әділ құны ұлғаюынан туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерден тартылған мерзімді салымның есептік (баланстық) құнын он түзету түріндегі шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы салымның әділ құнының ұлғауы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктен тартылған мерзімді салымның есептік (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.

5137. Басқа банктерде тартылған шартты салым құнын оң түзету
түріндегі шығыстар .

Шоттың мақсаты: Осы салымның әділ құны ұлғауынан туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банктерден тартылған шартты салымның есептік (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы салымның әділ құны ұлғауынан туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам басқа банкten тартылған шартты салымның есептік (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5203 шотының сипаттамасында:

екінші абзацтағы "банкте" деген сөз алғыншын; үшінші абзацтағы "банке ашылған" деген сөздер алғыншын;

5203 шотының сипаттамасынан кейін 5204 шотының мынадай редакциядағы сипаттамасымен

толықтырылсын:

"5204. Сенімгерлік (трасттық) басқаруға қабылданған қаржы активтері бойынша сыйақыны төлеуге байланысты
шығыстар .

Шоттың мақсаты: Сенімгерлік (трасттық) басқаруға қабылданған қаржы активтері бойынша сыйақыны төлеуге байланысты шығыстар сомаларын есепке алыу .

Шоттың дебеті бойынша сенімгерлік (трасттық) басқаруға қабылданған қаржы активтері бойынша сыйақыны төлеуге байланысты шығыстар сомасы жазылады .

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5221 шотының атавы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:
"5221. Клиенттердің карт-шоттары бойынша сыйақыны төлеуге
байланысты шығыстар сомаларын есепке алу .

Шоттың мақсаты: Клиенттердің карт-шоттары бойынша сыйақыны төлеуге байланысты шығыстар сомаларын есепке алу .

Шоттың дебеті бойынша клиенттің карт-шоты бойынша сыйақыны төлеуге байланысты шығыстар сомасы жазылады .

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5223 шотының атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5223. Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілдік, кепіл) болып табылатын салым бойынша сыйақыны төлеуге байланысты шығыстар.

Шоттың мақсаты: Клиенттерден қабылданған және олардың міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілдік, кепіл) болып табылатын салым бойынша сыйақыны төлеуге байланысты есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиенттен қабылданған және олардың міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілдік, кепіл) болып табылатын салым бойынша сыйақыны төлеуге байланысты есептелген шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орын алған шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5224 шоты сипаттамасының үшінші абзацтағы "қабылдаған" деген сөз алынып тасталсын;

5227 шотының сипаттамасындағы "алған қаржы лизингі" деген сөздер "алынған қаржы лизингі" деген сөздермен ауыстырылсын;

5230 шотының атауындағы және сипаттамасының үшінші абзацында "қабылдаған салымдар" деген сөздер "қабылданған салымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

5230 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 5232, 5233, 5234, 5235 шоттарының және 5250 шоттар топтарының сипаттамаларымен тоғызырылсын:

"5232. Клиенттерге берілген заем құнын теріс түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Осы заемның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам клиенттерге берілген заемның есептік (баланстық) құнын теріс түзету түріндегі шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы заемның әділ құнының төмендеуінен туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам клиентке берілген заемның есептік (баланстық) құнын теріс түзету түріндегі шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.

5233. Клиенттерден тартылған мерзімді салым құнын оң түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Осы салымның әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам клиенттерден тартылған мерзімді

салымның есептік (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомаларын
есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы салымның әділ құны ұлғауынан туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам клиенттен тартылған мерзімді салымның есептік (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.

5234. Клиенттерден тартылған шартты салым құнын оң түзету
түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Осы салымның әділ құнының ұлғауынан туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам клиенттерден тартылған шартты салымның есептік (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы салымның әділ құнының ұлғауы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам клиенттен тартылған шартты салымның есептік (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.

5235. Ескерілген вексельдер бойынша сыйлықақы амортизациясының шығыстары.

Шоттың мақсаты: Ескерілген вексельдер бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ескерілген вексельдер бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болған шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.

5250. Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша сыйақыны төлеуге байланысты шығыстар.

Шоттың мақсаты: Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша сыйақыны төлеуге байланысты шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша сыйақыны төлеуге байланысты шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болған шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5303 шоттың сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 5305, 5306 және 5307 шоттарының сипаттамасымен толықтырылсын:

"5305. Сатуға арналған сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясының шығыстары.

Шоттың мақсаты: Сатуға арналған сатып алынған бағалы қағаздар бойынша

сыйлықақы амортизациясына байланысты шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сатуға арналған сатып алғынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты шығыстар сомасы жазылады

Шоттың кредиті бойынша келтірген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.

5306. Сатып алғынған өзге бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясын шығары .

Шоттың мақсаты: Сатып алғынған өзге бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сатып алғынған өзге бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.

5307. Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясын шығары .

Шоттың мақсаты: Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болған шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5463, 5464 шоттарының сипаттамасындағы "сатып алған бағалы қағаздар" деген сөздер "сатып алғынған бағалы қағаздар" деген сөздермен ауыстырылсын;

5591 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 5592, 5593 және 5594 шоттарының сипаттамаларымен толықтырылсын:

"5592. Спот операцияларын қайта бағалаудан түскен жұмсалмаған шығыс.

Шоттың мақсаты: Спот операцияларын қайта бағалаудан түскен жұмсалмаған шығыс сомаларын есепке алу .

Шоттың дебеті бойынша спот операцияларын қайта бағалаудан түскен жұмсалмаған шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.

5593. Своп операцияларын қайта бағалаудан түскен жұмсалмаған шығыс.

Шоттың мақсаты: Своп операцияларын қайта бағалаудан түскен жұмсалмаған шығыс сомаларын есепке алу .

Шоттың дебеті бойынша своп операцияларын қайта бағалаудан түскен

жұмсалмаған **шығыс** **сомасы** **жазылады.**

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.

5594. Туынды құралдармен өзге операцияларды қайта бағалаудан түскен жұмсалмаған **шығыс.**

Шоттың мақсаты: Туынды құралдармен өзге операцияларды қайта бағалаудан түскен жұмсалмаған шығыс сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша туынды құралдармен өзге операцияларды қайта бағалаудан түскен жұмсалмаған шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5601, 5602, 5603, 5604, 5605, 5608, 5609 шоттарының сипаттамасындағы "оған" деген сөз алынып тасталсын;

5606 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 5607 шотының сипаттамасымен **толықтырылсын:**

"5607. Клиенттердің карт-шоттары бойынша көрсетілген қызмет бойынша комиссиялық шығыстар.

Шоттың мақсаты: Клиенттердің карт-шоттары бойынша көрсетілген қызмет бойынша комиссиялық шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиенттің карт-шоты бойынша көрсетілген қызмет бойынша комиссиялық шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5703 **шотының** **сипаттамасында:**

екінші абзацтағы "банк алған" деген сөздер алынып тасталсын; үшінші абзацтағы "банк алған" деген сөздер алынып тасталсын;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Шоттың кредиті бойынша жұмсалатын шығыс сомасы N 4999 баланстық шотқа және жұмсалмаған шығыс сомасы N 3581 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5704 **шотының** **сипаттамасындағы:**

екінші және үшінші абзацтардағы "банк алған" деген сөздер алынып тасталсын;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Шоттың кредиті бойынша жұмсалатын шығыс сомасы N 4999 баланстық шотқа және жұмсалмаған шығыс сомасы N 3582 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5705 **шотының** **сипаттамасының:**

атауындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметінен алғынған" деген сөздер

а л ы н ы п

т а с т а л с ы н ;

екінші және үшінші абзацтардағы "банктің Қазақстан Республикасының Үкіметінен алған" деген сөздер алынып тасталсын;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Шоттың кредиті бойынша жұмсалатын шығыс сомасы N 4999 баланстық шотқа және жұмсалмаған шығыс сомасы N 3585 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5708 шотының сипаттамасында төртінші абзац мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Шоттың кредиті бойынша жұмсалатын шығыс сомасы N 4999 баланстық шотқа және жұмсалмаған шығыс сомасы N 3586 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5709 шотының сипаттамасында төртінші абзац мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Шоттың кредиті бойынша саудаға арналған бағалы қағаздар бойынша, сондай-ақ сатуға қолда бар бағалы қағаздар бойынша шығыстар сомасы N 4999 баланстық шотқа, жұмсалатын кіріс сомасы N 4999 баланстық шотқа, жұмсалмаған кіріс сомасы N 3561 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5710 шотының сипаттамасындағы төртінші абзац мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Шоттың кредиті бойынша жұмсалатын шығыс сомасы N 4999 баланстық шотқа және жұмсалмаған шығыс сомасы N 3589 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5729 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 5731, 5732, 5733 және 5734 шоттарының сипаттамаларымен толықтырылсын:

"5731. Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен жұмсалатын шығыстар.

Шоттың мақсаты: Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен жұмсалатын шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша шетел валютасы есептен шығарылған кездегі жұмсалатын шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жұмсалатын шығыс сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.

5732. Аффинирленген қымбат металдарды қайта бағалаудан түскен жұмсалатын шығыстар .

Шоттың мақсаты: Аффинирленген қымбат металдарды қайта бағалаудан түскен жұмсалған шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша аффинирленген қымбат металдар есептен

шығарылған кезде болған жұмсалатын шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жұмсалатын шығыс сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.

5733. Саудаға арналған және сатуға қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған жұмсалатын шығыстар.

Шоттың мақсаты: Саудаға арналған және сатуға қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған жұмсалатын шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша саудаға арналған және сатуға қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған жұмсалатын шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жұмсалатын кіріс сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.

5734. Басқа да қайта бағалаудан түскен жұмсалатын шығыстар.

Шоттың мақсаты: Басқа да активтерді қайта бағалаудан түскен жұмсалатын шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өзге активтер есептен шығарылған кездегі болған жұмсалатын шығыс сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жұмсалатын шығыс сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5751 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 5752 және 5753 шоттарының сипаттамаларымен толықтырылсын:

"5752. Сақтандыру бойынша шығыстар.

Шоттың мақсаты: Сақтандыру бойынша шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру қызметін сатып алу бойынша шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болған шығыс сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.

5753. Байланыс қызметі бойынша шығыстар.

Шоттың мақсаты: Байланыс қызметі бойынша шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша байланыс қызметін сатып алу бойынша шығыс сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болған шығыс сомасы N 4999 баланстық шотқа есептен шығарылады.";

5786 шотының сипаттамасының екінші және үшінші абзацтарында "Жалға алынған үйлерге" деген сөздер "Жалға алған үйлерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

5851, 5871 шоттары сипаттамаларының мемлекеттік тілдегі мәтінінде "өзінің" деген сөз алынып тасталсын;

5852, 5853 шоттарының сипаттамаларының мемлекеттік тілдегі мәтінінде "

өзінің" деген сөз алынып тасталсын;

5892 шотының атавы мен сипаттамасындағы "/спот" деген сөз алынып тасталсын;

5893 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 5894, 5895 және
5896 шоттарының сипаттамасымен толықтырылсын:

"5894. Спот операциялары бойынша шығыстар.

Шоттың мақсаты: Спот операциялары бойынша есептелген шығыстар
сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша спот операциялары бойынша есептелген шығыстар
сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болған шығыс сомасы N 4999 баланстық шотқа
есептен шығарылады.

5895. Своп операциялары бойынша шығыстар.

Шоттың мақсаты: Своп операциялары бойынша есептелген шығыстар
сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша своп операциялары бойынша есептелген шығыстар
сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болған шығыс сомасы N 4999 баланстық шотқа
есептен шығарылады.

5896. Басқа да операциялар бойынша шығыстар.

Шоттың мақсаты: Туынды құралдармен басқа да операциялар бойынша
есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша туынды құралдармен басқа да операциялар
бойынша есептелген шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыс сомасы N 4999 баланстық
шотқа есептен шығарылады";

5900 шотының сипаттамасында:

екінші абзацтағы "банк төлеген" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші абзацтағы "банк төлеген" деген сөздер алынып тасталсын;

5922 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 5923, 5924 және
5925 шоттарының сипаттамаларымен толықтырылсын:

"5923. Жалға алу бойынша шығыстар.

Шоттың мақсаты: Негізгі құрал-жабдықтарды жалға алу бойынша шығыстар
сомаларын есепке алу (амортизациялық аударымдарды қоса алғанда жалға алу
проценттері).

Шоттың дебеті бойынша негізгі құрал-жабдықтарды жалға алу бойынша
шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыс сомасы N 4999 баланстық
шотқа есептен шығарылады.

5924. Акцепттерден келтірілген шығыстар.

Шоттың мақсаты: Вексельдердің акцепті бойынша шығыстар сомаларын
есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша вексельдердің акцепті бойынша шығыстар сомасы
жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болған шығыс сомасы N 4999 баланстық шотқа
есептен шығарылады.

5925. Алынған кепілдіктер бойынша шығыстар.

Шоттың мақсаты: алынған кепілдіктер бойынша қызметтер шығыстарының
сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша алынған кепілдіктер бойынша қызметтер
шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыс сомасы N 4999 баланстық
шотқа есептен шығарылады.";

6520 шотының сипаттамасының екінші абзацындағы "басқа банктердің
оларды орындауы" деген сөздер "басқа банктердің өздерінің шарттық
міндеттемелерін орындауы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6020 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 6025 шотының
сипаттамасымен толықтырылсын:

"6025. Аккредитивпен жабылған расталғандар бойынша ықтимал талаптар (актив).

Шоттың мақсаты: Клиент өзінің шарттық міндеттемелерін орындаған
жағдайда аккредитивпен жабылған расталғандар бойынша клиентке ықтимал
талаптар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша аккредитивпен жабылған расталғандар бойынша
клиентке ықтимал талаптар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша аккредитив орындалған немесе жойылған кезде
аккредитивпен жабылған расталғандар бойынша клиентке ықтимал талаптар
сомасы есептен шығарылады.";

6125 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 6130 шоттар
топтарының сипаттамасымен толықтырылсын:

"6130. Клиенттердің жылжымайтын салымдары (актив).

Шоттың мақсаты: Клиенттердің "жылжымайтын салымдары" бойынша ақша
сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиенттің "жылжымайтын салымдары" бойынша
ақша сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің "жылжымайтын салымдары" бойынша
ақша сомасы олар қайтарылған кезде есептен шығарылады.";

екінші абзацтағы "банктерге" деген сөзден кейін "немесе заңды тұлғаларға" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші және төртінші абзацтардағы "банкке" деген сөзден кейін "немесе заңды тұлғаларға" деген сөздермен толықтырылсын;

6180 шот топтарының атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын :

"6180. Өндіріп алынатын вексельдер бойынша шартты талаптар (актив).

Шоттың мақсаты: Осы вексель бойынша төлем жасағанға дейін өндіріп алынатын вексельдер бойынша клиентке қойылатын ықтимал талаптар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Осы вексель бойынша төлем жасағанға дейін өндіріп алынатын вексельдер бойынша клиентке қойылатын ықтимал талаптар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша өндіріп алынатын вексельдер бойынша клиентке қойылатын ықтимал талаптар сомалары осы вексель бойынша төлем жасалған кезде есептен шығарылады.";

6225 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 6226 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"6226. Сатып алынған опциондық келісім-шарттар - "пут" (актив).

Шоттың мақсаты: Сатып алынған опциондық келісім-шарттар - "пут" бойынша қаржы активін сату бойынша шартты талаптар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы мәмілені жасау кезінде сатып алынған опциондық келісім-шарттар - "пут" бойынша қаржы активін сату бойынша шартты талаптар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған опциондық келісім-шарттар - "пут" бойынша қаржы активін сату бойынша шартты талаптар сомасы осы мәмілені орындағанда немесе жойған кезде есептен шығарылады.";

6240 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 6250 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"6250. Өзгермелі проценттік своп (актив).

Шоттың мақсаты: Проценттік своп бойынша өзгермелі проценттік своп жөніндегі төлемдерді алу бойынша шартты талаптар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы мәмілені жасау кезінде проценттік своп бойынша өзгермелі проценттік своп жөніндегі төлемдерді алу бойынша шартты талаптар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша проценттік своп бойынша шартты талаптар сомасы осы мәмілені орындағанда немесе жойған кезде есептен шығарылады.";

6325 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 6326 шотының

сипаттамасымен

толықтырылсын:

"6326. Сатылған опциондық келісім-шарттар - "колл" - қарсы шот (актив).

Шоттың мақсаты: Сатылған опциондық келісім-шарттар - "колл" - қарсы шот бойынша қаржы активін сату бойынша шартты талаптар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы мәмілені жасау кезінде сатылған опциондық келісім-шарттар - "колл" - қарсы шот бойынша қаржы активін сату бойынша шартты талаптар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатылған опциондық келісім-шарттар - "колл" - қарсы шот бойынша шартты талаптар сомасы осы мәмілені орындағанда немесе жойған кезде есептен шығарылады.";

6330 шоты сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 6350 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"6350. Басқа да туынды құралдар бойынша шартты талаптар (актив).

Шоттың мақсаты: Басқа да туынды құралдар бойынша шартты талаптар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да туынды құралдар бойынша шартты талаптар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да туынды құралдар бойынша шартты талаптар сомасы осы мәмілені орындағанда немесе жойған кезде есептен шығарылады.

6510 шоты сипаттамасының екінші абзацындағы "олардың" деген сөз "басқа банктердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

6520 шоты сипаттамасының екінші абзацындағы "клиенттер оларды орындамаған" деген сөздер "басқа банктер шарттық міндеттемелерін орындамаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

6520 шоты сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 6525 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"6525. Расталған жабылған аккредитивтер бойынша ықтимал міндеттемелер (пассив).

Шоттың мақсаты: Клиенттер өздерінің шарттық міндеттемелерін орындамаған жағдайда расталған жабылған аккредитивтер бойынша басқа банктер алдындағы ықтимал міндеттемелер сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша расталған жабылған аккредитивтер бойынша басқа банктер алдындағы ықтимал міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша аккредитив орындалған немесе жойылған кезде расталған жабылған аккредитивтер бойынша басқа банктер алдындағы ықтимал міндеттемелер сомасы есептен шығарылады.

6555 шотының сипаттамасының екінші және үшінші абзацындағы "банк берген немесе растаған кепілдіктер" деген сөздер "берілген немесе расталған кепілдіктер" деген сөздермен ауыстырылсын;

6605 шоты сипаттамасының төртінші абзацындағы "банктің салымдарды салу" деген сөздер "салымдарды салу" деген сөзбен ауыстырылсын;

6625 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 6630 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"6630. Клиенттердің жылжымайтын салымдары бойынша міндеттемелер (пассив) .

Шоттың мақсаты: Клиенттердің алдында "жылжымайтын салымдары" бойынша ақша төлеу міндеттемесінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттердің алдында "жылжымайтын салымдары" бойынша ақша төлеу міндеттемесінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша "жылжымайтын салымдар" бойынша міндеттемелер сомалары клиенттерге ақша төленген кезде есептен шығарылады.";

6655 шотының сипаттамасында:

екінші абзацтағы "банктің" деген сөзден кейін "немесе занды тұлғаның" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші және төртінші абзацтағы "басқа банк" деген сөзден кейін "немесе занды тұлға" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзацтағы "банктің алу" деген сөздер "алу" деген сөзбен ауыстырылсын;

6675 шоты сипаттамасының төртінші абзацындағы "банктің алу" деген сөздер "алу" деген сөзбен ауыстырылсын;

6680 шоты тобының атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын

"6680. Домицильдендірілген вексельдер бойынша шартты міндеттемелер (актив) .

Шоттың мақсаты: Домицильдендірілген вексельдерді төлеу бойынша шартты міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша домицильдендірілген вексельдерді төлеу бойынша шартты міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша домицильдендірілген вексельдерді төлеген кезде шартты міндеттемелер сомалары есептен шығарылады.";

6725 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 6726 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"6726. Сатып алынған опциондық келісім-шарттар - "пут" - қарсы шот (пассив) .

Шоттың мақсаты: Сатып алынған опциондық келісім-шарттар - "пут"

бойынша қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелер сомаларын
есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған опциондық келісім-шарттар - "пут"
бойынша қаржы активін сату бойынша шартты міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған опциондық келісім-шарттар "пут"
бойынша шартты міндеттемелер сомалары осы мәміле орындалған немесе күші
жойылған кезде есептен шығарылады.";

6740 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 6750 шотының
сипаттамасымен толықтырылсын:

"6750. Белгіленген проценттік своп (пассив).

Шоттың мақсаты: Проценттік своп бойынша белгіленген проценттік ставка
бойынша төлемдерді төлеген кезде шартты міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша проценттік своп бойынша белгіленген проценттік
ставка бойынша төлемдерді төлеген кезде шартты міндеттемелер сомасы осы
мәміле жасалған кезде жазылады.

Шоттың дебеті бойынша проценттік своп бойынша шартты міндеттемелер
сомалары осы мәміле орындалған немесе күші жойылған кезде есептен
шығарылады.";

6825 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 6826 шотының
сипаттамасымен толықтырылсын:

"6826. Сатылған опциондық келісім-шарттар - "колл" (пассив).

Шоттың мақсаты: Сатылған опциондық келісім-шарттар - "колл" бойынша
қаржы активін сату бойынша шартты міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сатылған опциондық келісім-шарттар - "колл"
бойынша қаржы активін сату бойынша шартты міндеттемелер сомасы осы
мәміле жасалған кезде жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сатылған опциондық келісім-шарттар - "колл"
бойынша шартты міндеттемелер сомасы осы мәміле орындалған немесе күші
жойылған кезде есептен шығарылады.";

6830 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 6850 шотының
сипаттамасымен толықтырылсын:

"6850. Басқа да туынды құралдар бойынша шартты міндеттемелер (пассив).

Шоттың мақсаты: Басқа да туынды құралдар бойынша шартты міндеттемелер
сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да туынды құралдар бойынша шартты
міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша өзге туынды құралдар бойынша шартты

міндеттемелер сомалары осы мәмілелер орындалған немесе күші жойылған кезде есептен шығарылады.";

7110 шоты сипаттамасының төртінші абзацтағы "олардың" деген сөз алынып тасталсын;

7110 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 7115 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"7115. Төлем мерзімін ұзарта отырып жұмсалатын негізгі құрал-жабдықтар.

Шоттың мақсаты: Төлем мерзімін ұзарту талабымен жұмсалатын негізгі құрал-жабдықтар құнын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша төлем мерзімін ұзарту талабымен жұмсалатын негізгі құрал-жабдықтар құны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша клиенттен төлем мерзімін ұзарту талабымен жұмсалатын негізгі құрал-жабдықтар бойынша оның берешегін өтеу есебінен түскен төлем сомалары жазылады немесе төлем мерзімін ұзарту талабымен жұмсалатын негізгі құрал-жабдықтар құнын осы жұмсаудың күші жойылған кезде есептен шығарылады.";

7130 шоты сипаттамасының екінші абзацындағы "банктің" деген сөзден кейін ", кредиттік серіктестіктің және ипотекалық компанияның" деген сөздермен толықтырылсын;

7150 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 7160 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"7160. Міндеттемелерді қамтамасыз етуге (кепілге) берілген мүлік.

Шоттың мақсаты: Міндеттемелерді қамтамасыз етуге (кепілге) берілген мүліктің (ақшаны қоспағанда) құнын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша басқа банк алдында міндеттемелерді қамтамасыз етуге (кепілге) берілген мүлік (ақшаны қоспағанда) құны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша қамтамасыз етудің (кепілдің) құны оларды басқа банк қайтарған немесе басқа банк алдында міндеттемелер орындалмаған жағдайда кепілге салынған мүлік сатылған кезде есептен шығарылады.";

7240 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 7250 шотының сипаттамасымен толықтырылсын:

"7250. Клиенттің міндеттемелерін қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүлік.

Шоттың мақсаты: Клиенттің міндеттемелерін қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүлік (ақшаны қоспағанда) құнын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша клиенттің міндеттемелерін қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүлік (ақшаны қоспағанда) құны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша қамтамасыз етудің (кепілдің) құны олар клиентке қайтарылған немесе клиент міндеттемелерін орындалмаған жағдайда кепілге салынған мүлік сатылған кезде есептен шығарылады.";

7363 шотының сипаттамасында:

екінші абзацтағы "сатып алған" деген сөздерден кейін "және клиенттерге тиесілі" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзацтағы "және банк алған" деген сөздер "және клиенттерге тиесілі" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "бағалы қағаздар" деген сөздердің алдында "клиенттерге тиесілі" деген сөздермен толықтырылсын;

7407 шотының сипаттамасынан кейін мынадай редакциядағы 7408, 7409, 7410, 7411, 7412, 7413, 7414 және 7415 шоттарының сипаттамаларымен толықтырылсын:

"7408. Зейнетақы активтері орналастырылған Қазақстан Республикасының қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт / сыйлықақы).

Шоттың мақсаты: Зейнетақы активтері орналастырылған Қазақстан Республикасының қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы) сомасын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша Зейнетақы активтері орналастырылған Қазақстан Республикасының қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы) сомасы жазылады.

Шоттың шығысы бойынша зейнетақы активтері орналастырылған Қазақстан Республикасының қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы) сомасы олар төленген кезде есептен шығарылады.

7409. Зейнетақы активтері орналастырылған Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт / сыйлықақы).

Шоттың мақсаты: Зейнетақы активтері орналастырылған Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы) сомасын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша Зейнетақы активтері орналастырылған Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы) сомасы жазылады.

Шоттың шығысы бойынша зейнетақы активтері орналастырылған Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша

есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы) сомасы олар төленген кезде есептен шығарылады.

7410. Зейнетақы активтері орналастырылған Қазақстан қор биржасының "А" санаты бойынша ресми тізімге енгізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы).

Шоттың мақсаты: Зейнетақы активтері орналастырылған Қазақстан қор биржасының "А" санаты бойынша ресми тізімге енгізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы) сомасын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша зейнетақы активтері орналастырылған Қазақстан қор биржасының "А" санаты бойынша ресми тізімге енгізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы) сомасы жазылады.

Шоттың шығысы бойынша зейнетақы активтері орналастырылған Қазақстан қор биржасының "А" санаты бойынша ресми тізімге енгізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы) сомалары олар төленген кезде есептен шығарылады.

7411. Зейнетақы активтері орналастырылған халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы).

Шоттың мақсаты: Зейнетақы активтері орналастырылған халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы) сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша зейнетақы активтері орналастырылған халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы) сомасы жазылады.

Шоттың шығысы бойынша зейнетақы активтері орналастырылған халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы) сомалары олар төленген кезде есептен шығарылады.

7412. Зейнетақы активтері орналастырылған басқа банктердегі салымдар бойынша есептелген сыйақы.

Шоттың мақсаты: Зейнетақы активтері орналастырылған басқа банктердегі салымдар бойынша есептелген сыйақы сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша зейнетақы активтері орналастырылған басқа банктердегі салымдар бойынша есептелген сыйақы сомасы жазылады.

Шоттың шығысы бойынша зейнетақы активтері орналастырылған басқа банктердегі салымдар бойынша есептелген сыйақы сомалары олар төленген кезде есептен шығарылады.

7413. Зейнетақы активтері орналастырылған басқа да қаржы активтері бойынша есептелген сыйақы.

Шоттың мақсаты: Зейнетақы активтері орналастырылған басқа қаржы активтері бойынша есептелген сыйақы сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша зейнетақы активтері орналастырылған басқа да қаржы активтері бойынша есептелген сыйақы сомасы жазылады.

Шоттың шығысы бойынша зейнетақы активтері орналастырылған басқа қаржы активтері бойынша есептелген сыйақы сомалары олар төленген кезде есептен шығарылады.

7414. Зейнетақы активтері орналастырылған бағалы қағаздармен операциялар бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының міндемелері.

Шоттың мақсаты: Зейнетақы активтері орналастырылған бағалы қағаздармен операциялар бойынша жинақтаушы зейнетақы қорлары міндемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша зейнетақы активтері орналастырылған бағалы қағаздармен операциялар бойынша жинақтаушы зейнетақы қорлары міндемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың шығысы бойынша зейнетақы активтері орналастырылған бағалы қағаздармен операциялар бойынша жинақтаушы зейнетақы қорлары міндемелерінің сомалары олар төленген кезде есептен шығарылады.

7415. Зейнетақы активтері орналастырылған бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы.

Шоттың мақсаты: Зейнетақы активтері орналастырылған бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша зейнетақы активтері орналастырылған бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы сомасы жазылады.

Шоттың шығысы бойынша зейнетақы активтері орналастырылған бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы сомалары олар төленген кезде есептен шығарылады".

7542 шоттың сипаттамасының атауында, екінші және үшінші абзацында "сенімгерлік басқаруға қабылданған" деген сөздер "сенімгерлік (трасттық) басқаруға қабылданған талаптар құқығы" деген сөздермен ауыстырылсын";

7543 шоттың сипаттамасының атауында, екінші, үшінші және төртінші абзацтарында "сенімгерлік басқаруға қабылданған" деген сөздер "сенімгерлік (

трасттық) басқаруға қабылданған талаптар құқығы" деген сөздермен ауыстырылсын";.

2. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қарашадан бастап күшіне енеді.

3. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен бірлесіп (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдағын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге, кредиттік серіктестіктерге және ипотекалық компанияларға жіберсін.

4. Екінші деңгейдегі банктер, кредиттік серіктестіктер мен ипотекалық компаниялар 2003 жылғы 1 желтоқсанға дейін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақпарат жүйелерін пысықтауды жүргізіп, ол жөніндегі жұмысты аяқтасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ.Абдулинаға жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК